

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және тереңдету жөніндегі шаралары туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 мамыр N 586

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 24 наурызда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және тереңдету жөніндегі шаралары туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және тереңдету жөніндегі шаралары туралы

ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы,

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы 1993 жылғы 23 ақпандығы Әскери білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түрік Республикасының Бас штабы арасындағы 1994 жылғы 8 тамыздағы Әскери ғылым, техника және білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді P990065 – басшылыққа ала отырып,

әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейтудің және тереңдетудің маңыздылығын мойындей отырып,  
төмендегілер туралы уағдаласты:

## 1-бап. Мақсат

Осы Хаттаманың мақсаты әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейту және тереңдешту, осы саладағы қолда бар және перспективалық бағдарламаларды үйлестіру үшін құрылатын Қазақстан Республикасындағы Түрік Республикасы Бас штабы Әскери-техникалық өкілдігінің (бұдан әрі - Өкілдік) негізгі принциптерін, қызметінің шарттарын және мәртебесін айқындау болып табылады.

## 2-бап. Жалпы ережелер

1. Өкілеттіктің заңды мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

2. Тиімді және жедел қызмет үшін жағдай жасау мақсатында Өкілдік Астана қаласында орналасады және жұмыс істейді. Өкілдікті орналастыру үшін Қазақстан Тарапының қолда бар мүмкіндіктері қарастырылатын болады. Бұл орайда, ұсынылған үй-жайды жөндеуге және қосымша жабдықтауға байланысты шығындарды өтеуді түрік Тарапы жүзеге асырады.

Өкілдіктің жұмыс істеуі үшін жеке ғимарат берілген жағдайда меншік түрі және ғимаратты ұстауға, оның сыртқы қауіпсіздігіне, сондай-ақ коммуналдық және басқа шығыстарды төлеуге жауаптылар көрсетіле отырып жеке хаттама жасалады.

3. Өкілдік пайдаланатын қызметтік автокөлік құралдарын тіркеу Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

## 3-бап. Қызмет принциптері

1. Өкілдік Тараптардың әскери-техникалық ынтымақтастық іс-қызметтерін үйлестіруді, тылдық қамтамасыз ету, әскери және медициналық білім салалары мен қолда бар және перспективалық бағдарламаларға сәйкес өзге де салаларда материалдық-техникалық көмек беруді қамтамасыз етеді.

2. Өкілдік құжаттамаларды дайындауда және әскери білім, тылдық қамтамасыз ету және кадрларды даярлау жөніндегі шараларды жоспарлауда техникалық көмек көрсетеді.

3. Өкілдік материалдық-техникалық қамсыздандырудың және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне қарасты жөндеу кәсіпорындарының мүмкіндіктерін кеңейту, көмек көрсетуді уақытылы жүзеге асыру, сондай-ақ осы топтардың жұмыстарына қатысу мақсатында Тараптардың бірлескен жұмыс топтарын құруды үйлестіреді.

4. Өкілдіктің персоналы осы Хаттаманың мәтінінде аталмаған мәселелер бойынша

мақсаттарға қол жеткізу үшін және осы Хаттаманың қолдану саласы шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарымен келіссөздер жүргізе алады және Қазақстан Республикасының аталған мемлекеттік органдары қабылдаған шешімдерге сәйкес әрекет етеді.

5. Өкілдіктің қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасындағы Түрік Республикасы Әскери атташесінің аппаратына жүктеледі.

#### 4-бап. Өкілдіктің персоналы

1. Өкілдіктің персоналы түрік Қарулы Күштерінің үш әскери қызметшісінен тұрады . Өкілдіктің персоналын үлестің ақшалай және өзге де түрлерімен Түрік Тарапы қамтамасыз етеді. Өкілдіктің жұмыс істеуіне көмек көрсету мақсатында Қазақстан Тарапынан Өкілдікке байланыс офицері іссапарға жіберіletіn болады.

2. Қазақстан Тарапы Өкілдіктің персоналына келісілген үлгіде фотосуреті бар және әскери атағы, аты-жөні, тегі, азаматтығы және оның қолданылу мерзімі көрсетілген жеке куәліктер береді.

3. Өкілдік өзінің қызметін (әкімшілік және техникалық) жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының еңбек зандылықтарына сәйкес Қазақстан Тарапының персоналын жұмысқа қабылдай алады. Бұл жағдайда Қазақстан Тарапының персоналы ақшалай ұстай Түрік Тарапы есебінен қамтамасыз етіледі.

4. Өкілдік персоналының Түрік Республикасынан Қазақстан

Республикасына және кейін қарай жол жүруіне байланысты шығыстары толық көлемде Түрік Тарапының есебінен қамтамасыз етіледі.

5. Өкілдіктің персоналды әлеуметтік-сауықтыру мекемелерінің қызметін ақылы негізде пайдаланады.

#### 5-бап. Қосымша ережелер

Өкілдіктің персоналы Қазақстан Республикасының зандарын сақтауға тиісті.

#### 6-бап. Даулы мәселелерді реттеу

Осы Хаттаманы іске асыру барысында туындаитын Тараптар арасындағы даулы мәселелер өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы реттеледі.

#### 7-бап. Өзгерістер енгізу

Осы Хаттамаға Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар оның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

8-бап. Қолданылу мерзімі және тоқтатылуы

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті

мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламалары келіп түскен күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттама күшіне енген күннен бастап бес жыл бойы әрекет етеді және егер Хаттаманың қызмет мерзімі аяқталғанға дейін 90 күн бұрын Тараптардың бірі оның әрекет етуін тоқтату туралы өзінің ниетін екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, ол өздігінен бір жылға ұзартылады.

2001 жылғы 24 наурызда Астана қаласында, әрқайсысы қазақ, түрік, орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Корғаныс министрлігі	Түрік Республикасының Бас штабы
үшін	үшін

Қолы:	Қолы:
Тегі: генерал-майор	Тегі: генерал-лейтенант

Лауазымы: Корғаныс Министрлінің орынбасары Күні: 2001 жылғы 24 наурыз	Лауазымы: Бас штаб Тыл басқармасының бөлім бастығы Күні: 2001 жылды 24 наурыз
---	---

Мамандар:  
Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК